

Мемлекеттік жалға берілетін үйдегі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 136 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 маусымда № 4827 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 89 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 17.03.2022 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Бұйрығына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қараменді ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 8 үй мекенжайы бойынша орналасқан сегіз пәтерлі жалға берілетін үйдегі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына жалпы алаңның бір шаршы метріне 56 (елу алты) теңге мөлшерінде төлемақы мөлшері белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 08.12.2014 № 347 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Исмаиловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Даиров

КЕЛІСІЛДІ:

"Науырзым ауданының тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық,

жолаушылар көлігі және

автомобиль жолдары бөлімі"

ММ басшысының міндетін атқарушы

Г. Гринь

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК